Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

# *Студенттің өзіндік жұмысы*

**Тақырыбы:** Дәрігердің қоғамдағы алатын орны және жауапкершілігі

**Орындағандар:** 102 А Пангереев А
Көбетаева А

102 Б Бауыржан Қ
Ержанова Н

**Тексерген:** Жунусова Ж.С.

Ақтөбе 2016



*“Дәрігердің өмірі – бұл ешқандай бітпейтін университет. Дәрігердің басты міндеті - өмір бойы қоғам үшін оқу”*

**А.А. Остроумов**

Орыстың белгілі жазушысы А.П.Чехов: «Адамның тұла бойында сыртқы пішіні, жан дүниесі мен ойлары, киген киімі – бәрі де өте ғажап болуы қажет»,- деген екен. «Дәрігер мамандығы бар адамдардың бойына қажет қасиеттерден құралған-ау».



***Бір ғана дәрігердің ауру адамды қарап, емдеуінің маңыздылығын баса айтқан белгілі дәрігер Х.В. Гуфеляндтің ( 1762 - 1836) сөздері қаламбур сияқты естілгенімен, мағынасы өте зор. Ол былай деп жазған: «Бір дәрігер – жақсы, екеуі – орташа, үшеуі – сұмдық. Көп дәрігердің бір ауру адамды емдеуі көбінесе аурудың өршуіне әкеледі».***





**АТАҚТЫ ОРЫС ЖАЗУШЫСЫ, ДӘРІГЕР, ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ ӨЗІ СЫРҚАТТАНҒАН А.П. ЧЕХОВ, ДӘРІГЕРДІҢ БАСТЫ ҚАСИЕТІН БЫЛАЙ ДЕП АЙРЫҚШАЛАҒАН: «ДӘРІГЕР МАМАНДЫҒЫ - ЕРЛІК. ОЛ ЖАНДҮНИЕНІҢ, НИЕТТІҢ ТАЗАЛЫҒЫН ТАЛАП ЕТЕДІ. КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ МҰНДАЙҒА ҚАБІЛЕТТІ ЕМЕС».**






**Дәрігер мамандығы- ең көне кәсіптердің бірі. Мындаған жылдар бойы дәрігер жұрт арасында, әсіресе сол заманның зиялыларының ішінде, әртүрлі сезімдер тудырған. Орта ғасырларда дәрігерге берілген анықтамадан бейнеледі: дәрігер- tristones(үш жүзді). Яғни, халықтың ойы бойынша, дәрігер үш жүзді: кәдімгі өмір жағдайында- әдепті адам, науқастың жанында- періштедей, ал гонорарды талап еткенде – шайтандай.**



Дәрігердің  сыртқы пішіні, үстіне киген киімі оның мінез-құлқын, мәдиеттілігін, ақылын, білімін сипаттайды. Сәнге сәйкес, ұқыпты, таза, әрі қарапайым киінген дәрігерлерге ауру адамның да сенімі арта түседі.




***Дәрігердің мінезі сыпайы болса, қызмет этикетін дұрыс сақтаса, ауру адамдар онымен ашық сөйлесіп, айтқан сөзіне сеніп, көңілдері көтеріңкі болып жүреді. Ондай дәрігер, әрбір ауру адамның мұң-мұқтажын түсініп, олардың жасына, жынысына, сырқатының түріне қарай керекті, құлаққа жағымды сөздер тауып, көңілін жұбатады.***



Дәрігер медициналық білімді маман болумен қатар, науқас жағдайына тікелей байланысты елдің қоғамдық өміріне араласатын, жан-жақты қоғамдық азамат, қызметкер болып табылады.




Дәрігердің білімі *терең, толық, кең, жетілген* болуы тиіс. Алайда, мұндай білімнің болуы, дәрігер тарапынан *адамгершілікті*, өзін-өзі тәрбиелеуді дамытуын да талап етеді.



**Адамгершілігі жоғарғы дәрігер, таңдаған мамандығына сай, өзін азамат және дәрігер деп қабылдаған қоғам алдындағы жауапкершілігі негізінде өз жұмысын адалдықпен атқара алады.**

**Дәрігер сыпайылығы** – дәрігерге ең басты және қажетті қасиеттердің бірі болып табылады. Медицина ғылымының негізін қалаған, көп томды шығармалар жазған, аты әлемге әйгілі Әбу Әли Ибн Синаның өмірінің соңғы кезінде былайша қорытынды жасаған екен: *«Біз дүниеден өтеміз және өзімізбен бірге ғана, яғни біз еш нәрсе білмедік деген сананы алып кетеміз».*





**Дәрігердің жанкештілігі** ауыр халдегі науқастың төсегінің жанында болуымен, тәулік мерзімі мен ауа – райына қарамай науқастарға көмек көрсетуге аттанумен, өзінің өміріне зияндылық әкелуіне, жағдайдың болмауына қарамастан күрделі тәуекелді операциялық араласуларды жүргізу секілді батырлық әрекеттермен көрінеді. Науқасты құтқару барысында шешім қабылдау, ауру қоздырғыштарын зерттеу, жаңа дәрілік заттардың әсерін анықтау, жедел және қауіпті кәсіби қызметтер кезінде жасалынады.

www.tvoyrebenok.ru




**Жоғары міндеттілік** – бұл дәрігер мамандығына қойылатын негізгі талап..Бұл қасиет арқылы, дәрігердің тағайындаған диагностикалық және ем шаралары, процедуралары, айтылған сөзі және жазбалары тиянақты және ұқыпты орындалып, толық іске асырылады. Жоғары міндетті дәрігерде еш нәрсе назарынан тыс, қадағаланбай қалмай, барлық ісі, әрекеті үнемі бақылауында болады. Мұндай дәрігерде науқасты зерттеу және емдеу шараларын толық, уақытында орындалып, басқа кезекші дәрігер және мейірбикелер әрекеті де қадағаланып, бақыланады.

Азаматтардың денсаулығы мен өмірін сақтауды қамтамасыз ету – әр мемлекеттің, қоғамның ерекше міндеті. Халықтың денсаулығын сақтау және лайықты өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету – мемлекеттің адамгершілік саясатының көрсеткіші. Бұл әлеуметтік мәселені іске асыруда, дәрігердің кәсіби әрекеті және адамгершілік қасиеті маңызды болады.





# Назарларыңызға рахмет!